

# Африка аш.


Орындаған: Рахматулла Әсет ОПЭ-21

---

- 2011-жылы африканың шығысында кең көлемде ашаршылық таралды.



- Африканың шығыс бөлігінде өте қатты құрғақшылық. Егіннен ешқандай өнім жоқ, мал қырылып, адамдар аштықтан ес жия алмай жатыр. Су да тапшы, аштықтан әлсіреген және ағзасы кеуіп бара жатқан жас сәбилердің көптеп шетінеуі өте аянышты. Бұл өңірде мұндай құрғақшылық осыдан 60 жылдай бұрын болған екен. Мамандар ол жақта қазан айына дейін жаңбыр жаумайтынын айтады. Ал жаңбыр жауғаннан кейін егілген барша егін ауруға шалдығуы мүмкін.
-





- Жыртқыш аңдар бұлаққа жолатпайды. Азық-түлік пен су тапшылығының салдарынан баға да аспандап кетті. Бидайдың бағасы бірден 80 пайызға өсті. Кения елінің 11 ауданының тұрғындары үшін тамақ тауып жеу ақыретке айналды. Сомалиде табиғи бұлақтардың көбі тартылып қалған. Ал барына адамдарды жыртқыш аңдар жолатпайды, оларды да құрғақшылық пен шөл қысқан. Сомалидің тұрғындары бастарының ауған жағына босып жатыр.
-

- Ислам қауымдастығы ұйымы Рамазан айында Сомали және басқа Африка елдеріне көмек қолын созуға шақырды. Ұсынысты мұсылман елдері қолдап жатыр. Сауд Арабиясы – 60 миллион, Кувейт – 10 миллион, Судан 100 миллион доллар қаржы бөлді. Стамбұлда құрылтай өтіп, гуманитарлық коалиция құралды. Коалиция алдағы үш айдың барысында 29 миллион доллар аударатын болды. Еліміздің сыртқы істер министрі Ержан Қазыханов қазақстандықтарды құрғақшылық құрсауында қалған Африка елдеріне көмек қолын созуға шықырды. Қазір материалдық көмектің сомасы анықталу үстінде.

# КӨМӨК

---

- **Қазақстан мен БҰҰ ДБ Африка елдеріне көмек көрсету бойынша жаңа бағдарлама.**





- Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 70-сессиясы аясында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов пен БҰҰДБ әкімшісі Хелен Кларктың кездесуі өтті, онда тараптар жақында ғана бектілген Тұрақты даму мақсатын (ТДМ) жүзеге асыру аясында 45 Африка мемлекетіне көмек көрсету бойынша жаңа бағдарламаны қабылдады, деп хабарлады сыртқы саясат ведомствосынан.
-

- «Қазақстан мен Африка елдері арасында ТДМ бойынша серіктестік» бастамасы африкалық елдерге жаһандық талқылауға қатысуға және құрлықтың өзгеде мемлекеттермен ақпарат алмасу деңгейін жақсартуға септігін тигізеді.
  - Бірлесіп қаржыландыру туралы 2 млн доллардың келісім шартына қол қоя отырып Е.Ыдырысов, Қазақстан Оңтүстік-Оңтүстік серіктестігіне үлкен мән береді және африкалық құрлықтың дамуына өз үлесін қосуға тырысуда, деді.
  - Дәл сол күні Е.Ыдырысов бірқатар мемлекеттердің сыртқы саясат ведомствосы басшыларымен екі жақты кездесулер өткізді. Атап айтқанда, Намибияның сыртқы саясат ведомствосының басшысы Нетумбой Нанди Ндайтвамен, Кипрдан – Иоанис Касулидиспен, Албаниядан – Димитр Бушатимен, Барбадостан – Максин Маклинмен және Малавиден – Джордж Чапондамен кездесті. Тараптар екі жақты ынтымақтастық мәселелерін талқылап, жаһандық қауіпсіздік проблемалары туралы пікір алмасты.
-



- **Қазақстан Эбола індетімен күрес үшін Африка елдеріне қаржылай көмек көрсетті**
-

- БҰҰ Бас хатшысының Эбола бойынша арнайы өкілі Дэвид Набарро еліміздің басшылығына қаржылай көмек көрсетуді өтінді. Эбола – вирустық ауру, Батыс Африкада 2014 жылы наурыз айында басталып, бүгінгі күнде бүкіл әлемге қауіп төндіруде.

БҰҰ-ның жауапты және дәйекті мүше мемлекеті, әлем ұлттарының сенімді серіктесі, өткен жылы Африка Одағында бақылаушы ретінде кірген мемлекет ретінде Қазақстан бұл өтінішті шұғыл қарастырып, келісімін берді. Көмек, ең алдымен Африка континентінің көп зардап шеккен елдерінің халқына көрсетілетіндігі ескерілді.

Қазақстан көпжақты дипломатияның белсенді жақтасы ретінде, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне 2017-2018 ж.ж. аралығында тұрақты емес мүшелікке өз кандидатурасын ұсынған болатын.

2014 жылғы қазан айының соңында Қазақстан Үкіметі БҰҰ Эболамен күресу жөніндегі Миссиясының қызметін қаржыландыру үшін БҰҰ Эбола вирусымен күресу жөніндегі Ерікті көпәріптестік қорына қаражат бөлді. Бұл мақсатты қор үкіметтер мен басқа да әріптестердің күш-жігерін қолдау мен Батыс Африкада тараған Эбола безгегіне байланысты мәселелерді шешуге арналған қажетті ерікті салымдарды біріктіру мақсатында құрылған. Оның мақсаты 2014 жылғы қараша айының басына дейін ауруды тоқтату үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебіне сәйкес, 1 миллиард АҚШ долларын жинап шығу. Бүгінгі таңда БҰҰ бұл мәселемен күресудің 5 негізгі мақсатын алдына қойып отыр: аурудың таралуын тоқтату, ауруға шалдыққан адамдарды емдеу, қажетті қызмет көрсету, тұрақтылықты қолдау және вирустың әрі қарай тарауына жол бермеу. Негізгі мақсат – 6-9 ай ішінде аурудың таралуын тоқтату

---